

"Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты" КЕАҚ



"Бекітілген"
Ғылыми кеңестің шешімімен
2024 жылғы " 27 " тамыз, №1 хаттама

Оқу нәтижелерін бағалау ережелері

Арқалық, 2024 ж.

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқытудың күтілетін нәтижелерінің нақты қалыптасу деңгейін анықтауға бағытталған бағалаудың әртүрлі нысандары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады.

1.2. Осы Ереже білім алушылар, ПОҚ және құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті басшылыққа алатын ереже болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Қағидалар мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.

2.2 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. (өгертулер мен толықтырулар ҚР ЖБЖҒМ 04.04.2023ж. № 145).

2.3 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. (өгертулер мен толықтырулар ҚР ЖБЖҒМ 02.08.2023ж. № 379).

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. (өгертулер мен толықтырулар ҚР ЖБЖҒМ 27.08.2024ж. №419).

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқытудың күтілетін нәтижелерінің (бұдан әрі - ОН) қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталған бағалаудың әртүрлі нысандары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады.

3.2 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін қолданылатын әдістер жарамдылық сенімділік өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс.

3.3 Ағымдағы үлгерімді бақылау бағасы 60%, емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның 40% құрайды.

3.4 Пән бойынша қорытынды бақылау жүргізу нысандарын оқытушы айқындайды және пән силлабусында көрсетіледі.

3.5 Пән бойынша қорытынды баға білім алушының ағымдағы және қорытынды бақылау бойынша оң бағалары болған жағдайда ғана есептеледі.

3.6 Білім алушылардың оқу жетістіктері цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйе бойынша бағалауға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады. "FX" бағасы тек қорытынды емтихан үшін қойылады.

Дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыса отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйеде бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мәні)	Дәстүрлі жүйедегі бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

3.7 Тілді (шет, қазақ, орыс) меңгеру деңгейі шет тілін (A1, A2, B1, B2, C1, C2) меңгерудің жалпы еуропалық құзыретіне (бұдан әрі — ЖЕҚ) сәйкес келеді.

ECTS (иситиэс) деңгейлік моделіне және аудармасына және дәстүрлі бағалау шкаласына сәйкес Шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Жалпы еуропалық құзыреттілік бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы (бұдан әрі - ЖЕҚ)	Әріптік жүйеде бағалау	ECTS (иситиэс) Жүйесінде бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мәні)	Дәстүрлі жүйедегі бағалау
A1	A	A	4.0	95-100	Өте жақсы
	A-		3.67	90-94	
	B+	B	3.33	85-89	жақсы
	B	C	3.0	80-84	жақсы
	B-		2.67	75-79	
	C+		2.33	70-74	
	C	D	2.0	65-69	қанағаттанарлық

	C-		1.67	60-64	
	D+		1.33	55-59	
	D	E	1.0	50-54	қанағаттанарлық
	F	FX.F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз
Жалпы еуропалық құзыреттілік бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы (бұдан әрі - ЖЕК)	Әріптік жүйеде бағалау	ECTS (иситиэс) Жүйесінде бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мәні)	Дәстүрлі жүйедегі бағалау
A2	A	A	4.0	95-100	Өте жақсы
	A-		3.67	90-94	
	B+	B	3.33	85-89	жақсы
	B	C	3.0	80-84	жақсы
	B-		2.67	75-79	
	C+		2.33	70-74	
	C	D	2.0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1.67	60-64	
	D+		1.33	55-59	
	D	E	1.0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX.F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз	
Жалпы еуропалық құзыреттілік бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы (бұдан әрі - ЖЕК)	Әріптік жүйеде бағалау	ECTS (иситиэс) Жүйесінде бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мәні)	Дәстүрлі жүйедегі бағалау
B1	A	A	4.0	95-100	Өте жақсы
	A-		3.67	90-94	
	B+	B	3.33	85-89	жақсы
	B	C	3.0	80-84	жақсы
	B-		2.67	75-79	
	C+		2.33	70-74	
	C	D	2.0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1.67	60-64	
	D+		1.33	55-59	
	D	E	1.0	50-54	қанағаттанарлық

	F	FX.F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз		
Жалпы еуропалық құзыреттілік бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы (бұдан әрі - ЖЕК)	Әріптік жүйеде бағалау	ECTS (иситиэс) Жүйесінде бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мәні)	Дәстүрлі жүйедегі бағалау		
B2	A	A	4.0	95-100	Өте жақсы		
	A-		3.67	90-94			
	B+	B	3.33	85-89	жақсы		
	B		C	3.0	80-84	жақсы	
	B-			2.67	75-79		
	C+	D	2.33	70-74	қанағаттанарлық		
	C		2.0	65-69			
	C-		1.67	60-64			
	D+		1.33	55-59			
	D	E	1.0	50-54	қанағаттанарлық		
F	FX.F		0	0-49	қанағаттанарлықсыз		
Жалпы еуропалық құзыреттілік бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы (бұдан әрі - ЖЕК)	Әріптік жүйеде бағалау	ECTS (иситиэс) Жүйесінде бағалау	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мәні)	Дәстүрлі жүйедегі бағалау		
	C1	A	A	4.0	95-100	Өте жақсы	
		A-		3.67	90-94		
		B+	B	3.33	85-89	жақсы	
		B		C	3.0	80-84	жақсы
		B-			2.67	75-79	
		C+	D	2.33	70-74	қанағаттанарлық	
		C		2.0	65-69		
		C-		1.67	60-64		
		D+		1.33	55-59		
D		E	1.0	50-54	қанағаттанарлық		
F	FX.F		0	0-49	қанағаттанарлықсыз		
Жалпы еуропалық	Әріптік жүйеде	ECTS (иситиэс)	Сандық эквивалент	Балл (%-дық мәні)	Дәстүрлі жүйедегі бағалау		

кұзыреттілік бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы (бұдан әрі - ЖЕК)	бағалау	Жүйесінде бағалау			
C2	A	A	4.0	95-100	Өте жақсы
	A-		3.67	90-94	
	B+	B	3.33	85-89	жақсы
	B	C	3.0	80-84	жақсы
	B-		2.67	75-79	
	C+		2.33	70-74	
	C	D	2.0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1.67	60-64	
	D+		1.33	55-59	
	D	E	1.0	50-54	қанағаттанарлық
	F	FX.F	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

3.8 Оқытушы пән бойынша бағалау шкаласын әзірлейді, онда көрсетілген ОН деңгейлерінің және оларға сәйкес бағалардың сипаттамасы бар.

3.9 Білім алушыларға пән бойынша бағалау шкаласы Platonus ААЖ жүйесінде орналастырылатын пәннің оқу-әдістемелік кешенінде қолжетімді.

3.10 Қойылған бағалардың неғұрлым жалпы сипаттамасын көрсететін бағалаудың негіздемелік шкаласы кестеде көрсетілген:

Баға	Критерии
Өте жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілді; 2. Практикалық тапсырма толығымен шешілді; 3. Материал логикалық дәйектілікті сақтай отырып сауатты баяндалған; 4. Шығармашылық қабілеттері көрсетілді
Жақсы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауаптар берілді, елеусіз қателіктер немесе дәлсіздіктер жіберілді; 2. Практикалық тапсырма орындалды, кішігірім қателік жіберілді; 3. Материал логикалық дәйектілікті сақтай отырып сауатты баяндалған
Қанағаттанарлық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Теориялық сұрақтарға жауаптар дұрыс, бірақ толық емес, тұырымдардағы дәлсіздіктер мен логикалық қателіктер жіберілді; 2. Практикалық тапсырма толығымен орындалмады; 3. Материал сауатты ұсынылған, бірақ логикалық реттілік бұзылған

Қанағаттанарлықсыз	<ol style="list-style-type: none">1. Теориялық сұрақтарға жауаптарда өрескел қателер бар;2. Практикалық тапсырма орындалмады;3. Жауаптың барысында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілді, логикалық реттілік бұзылды
--------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3.11 Қорытынды бақылау бағаларын оқытушы Platonus ААЖ-ға емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде енгізеді.

3.12 Пән бойынша қорытынды бақылау нәтижесімен (емтихан үшін баға) келіспейтін білім алушы емтихан нәтижелерін Platonus ААЖ электрондық ведомосына ұсынған күннен кейінгі күннен кешіктірмей дәлелді жазбаша өтініш беруге құқылы.

3.13 Апелляцияға арналған өтініш, егер емтихан үшін алынған баға осы білім алушыға көрсетілген оқу нәтижелерінің объективті деңгейіне сәйкес келмесе, қабылданады:

- емтихан сұрағының дұрыс тұжырымдалмауы;
- емтихан сұрағының пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес келмеуі.

3.14 Апелляциялық бағалау және апелляцияның себебі білім алушының өтінішінде көрсетілуі керек.

3.15 Жазбаша нысанда өткізілетін емтихандардың нәтижелері, сондай-ақ компьютерлік тестілеу түріндегі емтихандардың нәтижелері апелляцияға жатады.

3.16 Апелляцияны қарау барысында апелляциялық комиссия мүшелері емтихан тапсыру нәтижелерін бағалау туралы апелляциялық өтініштің мәні бойынша жазбаша дәлелді қорытынды шығарады және белгіленген нысан бойынша хаттама жасайды.

3.17 Апелляциялық комиссияның білім алушыға қосымша сұрақтар қоюға құқығы жоқ және жазбаша жұмысқа түзетулер енгізе алмайды.

3.18 Апелляциялық комиссия апелляцияны қанағаттандыруға және емтихан бағасына балл қосу туралы шешім қабылдауға не апелляцияны қанағаттандырмауға және бағаны өзгеріссіз қалдыруға құқылы. Бұрын қойылған емтихан бағасын төмендетуге жол берілмейді.

3.19 Апелляциялық комиссия міндетті түрде апелляция берген білім алушыға апелляцияны қарау нәтижесінде Комиссия қабылдаған шешімді түсіндіруге тиіс.

3.20 Қорытынды емтихан нәтижелері бойынша апелляцияны қарау нәтижесі хаттамамен ресімделеді. Апелляция нәтижесін Офис-регистратор Platonus ААЖ электрондық ведомосына енгізеді.

3.21 "F" бағасын пәнді ақылы негізде қайта оқу арқылы өзгертуге болады.

3.22 "FX" (25-49) бағасын алған жағдайда білім алушы емтихан сессиясынан кейін бірден арнайы бөлінген уақыт кезеңінде оқу пәні бағдарламасын қайталап өтпей, қорытынды бақылауды бір реттен артық емес қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

3.23 "FX" бағасын қайта тапсыру кезінде "F" бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

3.24 Егер білім алушы белгіленген кезеңде "FX" бағасын қайта тапсыруға келмеген болса, бұл баға "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасына ауыстырылады және одан әрі академиялық берешек болып есептеледі, оны жою үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде оқу сабақтарының барлық түрлеріне ақылы негізде қайта қатысуы, оқу жұмысының барлық түрлерін орындауы қажет. Бағдарламаға сәйкес

пән бойынша қорытынды емтихан тапсырады.

3.25 Білім алушыға емтихандағы мінез-құлық ережелері тақырыбында (рұқсат етілмеген көмекші құралдарды, ұялы телефондарды пайдалану, себепсіз кешігу және т.б.) "F" бағасы шағымдануға және апелляцияға жатпайтын бұзушылық туралы акт негізінде автоматты түрде қойылады. Бұл жағдайда білім алушы осы пәнді ақылы негізде қайта оқиды.

3.26 "F" бағасын алған жағдайда білім алушы пәннен өтуді қайталауға құқылы. Пәнді қайта өту тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

3.27 Оны арттыру мақсатында қорытынды бақылау (емтихан) бойынша оң бағаны қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.28 Оқу ақысын төлеу бойынша берешекке байланысты қорытынды емтихандарға жіберілмеген білім алушылар қаржылық берешекті өтеп, емтихан тапсыруы керек. Әйтпесе, білім алушы академиялық саясат ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығарылады.

3.29 Курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең төменгі ауысу балын жинамаған білім алушыға үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыру мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта меңгеруге және олар бойынша қорытынды емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

3.30 GPA балының белгіленген деңгейін жинаған білім алушылар Басқарма-Төрағасы Ректордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Курстан курсқа ауысу үшін қажетті GPA балын Ғылыми кеңес белгілейді. Белгіленген GPA балын жинамаған білім алушы ақылы негізде қайта оқу курсына қалады.

3.31 Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру гранттарының иегері-білім алушылар білім беру грантынан айырылады және одан әрі оқуын тек ақылы негізде жалғастырады.

3.32 Аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға "A", "A-", "B+", "B", "B-", "C+" бағалары бар барлық емтихандарды тапсырған жағдайда мемлекеттік стипендия есептеледі.

